

ТІЛДІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ РӨЛІ



Ж.Н.СҮЛЕЙМЕНОВА
Ж.А.АБИТЖАНОВА
А.С.ПОЛАТОВА
ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ
АБДИРАСИЛОВА ГҮЛМИРА
АДИЛХАН АСЕЛ
Ж.Н.СҮЛЕЙМЕНОВА
ҚҰРМАНАЛИЕВА АҚМАРАЛ

ТІЛДІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

**Ж.Н.СҮЛЕЙМЕНОВА
Ж.А.АБИТЖАНОВА
А.С.ПОЛАТОВА
АБДИРАСИЛОВА ГҮЛМИРА
АДИЛХАН АСЕЛ
Ж.Н.СҮЛЕЙМЕНОВА
ҚҰРМАНАЛИЕВА АҚМАРАЛ**



ISBN- 978-605-7510-48-8

**Institution Of Economic Development And Social Researches
Publications®**

(The Licence Number of Publicator: 2014/31220)

TURKEY TR: +90 342 606 06 75

USA: +1 631 685 0 853

E posta: kongreiksad@gmail.com

www.iksad.org

www.iksadkongre.org

Kitabın tüm hakları İKSAD Yayınevi'ne aittir.

İzinsiz çoğaltılamaz, kopyalanamaz.

Metinlerden etik ve yasal olarak yazarlar sorumludur

Iksad Publications- 2018© ISBN- 978-605-7510-48-8

МАЗМҰНЫ

**Ж.Н.СҮЛЕЙМЕНОВА
Ж.А.АБИТЖАНОВА
А.С.ПОЛАТОВА**

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

4

**АБДИРАСИЛОВА ГҮЛМИРА
АДИЛХАН АСЕЛ**

**ҰЛТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ТІЛ БАСТЫ ЭТНОСТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТҮРКІ
ТІЛДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ**

32

**Ж.Н.СҮЛЕЙМЕНОВА
ҚҰРМАНАЛИЕВА АҚМАРАЛ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГОМОГЕНДІ ОМОНИМДЕР:
ДӘСТҮР МЕН ДҮНИЕТАНЫМ**

75

ӘЛЕМНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

*Ж.Н.Сүлейменова п.ғ.д., проф.
Ж.А.Абитжанова ф. ғ.к., аға оқытушы
А.С.Полатова магистрант*

Түйіндеме

Бұл мақалада әлемнің тілдік бейнесі мәселелері қарастырылады. Тіл біліміндегі әлем бейнесін зерттеген ғалымдардың ой-тұжырымдары сарапталады. Әлемнің тілдік бейнесі деген ұғым қазіргі таңда дүние жүзі бойынша көптеген ғалымдардың зерттеу объектісі болып келеді. Бұл мәселемен айналысу көне заманнан басталды деуге дәлелдер бар. Тек зерттеудің әр кезеңінде ғалымдар «әлемнің тілдік бейнесі» деген ұғым аясын кеңейтіп, тіл білімі ғылымына өз үлестерін қосуда. Сонымен

қатар «әлем бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі», «әлемнің концептуалды бейнесі» туралы түсініктер баяндалады.

Тірек сөздер: әлемнің тілдік бейнесі, ойлау ерекшелігі, дүниетаным.Ғасырлар бойы қалыптасқан философиялық ойлау мәнері, қоршаған әлемді қабылдау үрдістерінің нәтижесі және ұлттық құндылықтар әлемінің көрсеткіші – халықтың санасындағы дүниені бағалау, қабылдау, жалпы тіршілігі, әлемге деген көзқарасы болып табылады. Бұл жөнінде Г.А. Брутян былай дейді: «Нақты бір этникалық топтың тұлғалық терең мәні бар құндылықтар құрылымына сәйкес - күнделікті мінез-құлық пен жүріс-тұрысын қалыптастыруы ұлт ментальдығын көрсетеді. Бұл құндылықтар тұлғаның

бойына әлеуметтік тұрақтану үрдісінде – жанұясымен, туыстарымен, достарымен, яғни, өзін қоршаған ортадағылар тарапынан қабылданады» [1, 11 б.]. Сол менталитеттің бірі тілдің қарым-қатынас, экспрессивтік тағы басқа қызметтерінен өзге тарихи жинақталған реалий және абстракт ұғымдарды көрсететін ұлттық-мәдени қызметін атауға болады.

Әр ұжым, әр ұлт шындықты өз биігінен таниды, ал өз биігі дегеніміз ғасырлар бойы қалыптасқан ойлау ерекшелігі, сана-сезімі, дүниетанымы болып табылады. А. Вежбицкаяның пікірі бойынша, тіл біріншіден, адамға қызмет ету үшін жаралған және әлемдегі объектілер мен құбылыстардың тілдегі барлық категориялары дамуға бағытталып жасалған. Бұл – кез келген тілдің

қасиеті. Екіншіден, кез келген тілдің ұлттық ерекшелігі бар және тілде тек табиғи немесе мәдени ерекшеліктер ғана емес, сонымен қатар, ұлттық мінез-құлықтың ерекшеліктері де айқындалады [2].

Тіл білімінде әлем бейнесін көптеген ғалымдар зерттеу объектісі етіп алған: Б.А. Серебренников, Е.С. Кубряков, В.М. Поставалова, .А.Леонтьев, Г.В. Колшанский, Г.А.Брутян, Н.Г. Комлев, ЭД.Сүлейменова т.б.

«Әлемнің тілдік бейнесі» мәселесіне қызығушылық танытып, оны тереңдете зерттеген – неміс лингвисті В. фон Гумбольдт өз еңбегінде: «түрлі тілдер – ұлт үшін ерекше пайымдау мен қабылдау органдары болып табылады» дейді [3, 324 б.].

Аталған пікірді Е. Кассирер, Ш. Балли, Л. Вайсгербер сияқты ғалымдар қостаған болатын.

Америкада В. Гумбольдт зерттеулерін әрі қарай жалғастырған лингвистердің бірі –Эдуард Сепир. «Әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын алғаш зерттеушілер ретінде Э. Сепирдің лингвистикаға қосқан үлесі зор. Э.Сепир «Тіл» (1927), «Грамматист және оның тілі» (1924), «Лингвистиканың ғылым ретіндегі статусы» (1929), «Қарапайым тілдердегі концептуалды категориялар» (1931) атты және т.б. мақалалар жазды. Ғалым «Лингвистиканың ғылым ретіндегі статусы» деген еңбегінде тілдің «социалды шындықтағы» жол көрсетуші екендігін көрсетеді. «Мы видим, слышим и вообще воспринимаем окружающий мир именно так, а не иначе, благодаря

тому, что наш выбор при его интерпретации предопределяется языковыми привычками нашего общества» - деп жазады Э. Сепир [4, 261]. «Әлемнің тілдік бейнесі» ұғымы ғалымның еңбектерінде былай қарастырылады:

1) Белгілі бір тілдің шеңберінде алынған тілдік формалар әлемі таңбаланудың аяқталған жүйесі болып табылады. Бір тілден екінші тілге көшу психологиялық тұрғыдан бір геометриялық санау жүйесінен екіншісіне көшумен барабар.

2) Әрбір тіл психологиялық тұрғыдан алғанда қанағаттанарлықтай формалды түрде аяқталған бағыт-бағдарды иемденеді, бірақ бұл бағдар тілде сөйлеушілердің саналық ойлау

жүйелерінің қатпар қатпарында тым тереңдеп орналасқан.

3) Тілдер іс-жүзінде психикалық үрдістердің мәдени қоймасы болып табылады [4, 255 б.].

Л. Вайсгербер «Неогумбольдшылардың лингвофилософиялық концепциясы» деген мақаласында «әлемнің тілдік бейнесі» деген терминді «Weltbild der Sprache» деп атап, алғаш рет тіл ғылымына енгізеді [5]. Лео Вайсгерберді тілдің идиоэтникалық мазмұны ерекше қызықтырды. Ғалым этникалық идеяны В. Гумбольдтың тілдің ішкі формалары жайында жазған еңбектерінен тапқан. Л. Вайсгербер 30-жылдардың басында «Әлемнің тілдік бейнесі» ұғымын тұжырымдауды бастайды. Өзінің «Ана тілі, ойлау және іс-әрекет арасындағы байланыс» деп аталатын тұңғыш мақаласында

«белгілі бір тілдің сөздік қоры барлық тілдік таңбалар жиынтығынан және сол тілдік қоғамның үлесінде болатын ұғымдық пайымдау құралдарынан тұрады; сол тілде сөйлеушілердің әрқайсысы осы сөздік қорды меңгеру шарқына қарай осы тілдік қоғамның әрбір мүшесі өз ұлтына тән пайымдау құралын да меңгереді; осы тұрғыда ана тілдің мүмкіндігі өз түсініктерінде белгілі бір әлемдік бейнені иемденетінінен және осы бейнені өз қоғамының барлық адамдарына тарататындығынан тұрады» деп жазады [5]. Ғалым «әлемнің тілдік бейнесін» тікелей тіл феноменімен байланыстырады, дегенмен ол бейне бүкіл тіл бойынан емес, тек тілдегі сөздік қордан көрінетінін айтады. Кейіннен Л. Вайсгербер «әлемнің тілдік бейнесі» ұғымындағы сыртқы

объективті дүниенің ролін төмендетіп, тіпті назарынан тыс қалдырып, оның дүниетанымдық, субъективті ұлттық, идиоэтникалық жағын қарастыра бастайды. Дүние дегенді дүниеге көзқарас деп алып, Л. Вайсгербер 1953 жылы жазған «Мазмұнға бағдарланған грамматика» атты кітабында тілдің ішкі пішінінің әсері адамдық рухтың мүмкіншіліктері мен жағдайларына сәйкес, болмыстың әр тілдің жеке болмысына айналуына көмектеседі дейді [6].

Л.Вайсгербердің объективті дүниенің тілге қатысы жайлы тұжырымдары әлемнің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесін салыстыра зерттегенде өзгере бастады. Ол Эрнест Кассирердің «Символикалық пішіндердің философиясы» деген еңбегінде философиялық таным ең алдымен тіл мен мифтің

құрсауларынан арылуы қажет деп жазғанымен келіспеді. Сайып келгенде Э. Кассирер әрбір теориялық танымның алғышарты тіл арқылы құрылған дүние және барлық ғылым адамдары заттарды тіл қалай көрсетсе солай қабылдайды дегенді айтады. Э. Кассирердің пікірі бойынша тіл айналымындағы ғылыми таным одан босап шығуы керек, өйткені тілдердің сан алуан дүниетанымды тасымалдаушы болуы ғылымның универсалдылығына сәйкес келмейді [7].

Американ лингвисті Б.Уорф әлемнің ғылыми бейнесі әлемнің тілдік бейнесінен туындайды дейді. Ол «Біз табиғатты және де бүкіл дүниені біздің ана тілімізбен көрсетілген бағытта бөлшектейміз. Біз құбылыстар әлемінде қайсібір категорияларды

өздігінен білініп тұратыны үшін емес, керісінше, дүние біздің алдымызда біздің санамызбен реттеліп, ұйымдастырылуы тиісті түрлі әсерлердің калейдоскоптық толқыны түрінде көрінетінінен байқап ажыратамыз. Сана арқылы реттеледі дегеніміз - санамызда сақталатын тілдік жүйе арқылы бір ретке келтіріледі деген сөз» [8]. Б. Уорфтың пікірінше әлемнің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесі арасына теңдік белгісін қойған жөн. Өйткені әлемнің тілдік бейнесі жалпы халықтық, үйреншікті сананы кескіндейді. Америкалық ғалымның тұжырымы бойынша біз қоршаған ортадан алған барлық әсерлерімізді реттеу мақсатымен осы сананың елегінен өткізуіміз қажет.

Л.Вайсгербер әлемнің ғылыми бейнесінің универсалды болуы оны кеңістік және уақыт жағдайларынан тәуелсіз болуында, және де ғылым нәтижелері адамзаттың рухына сәйкес болған жағдайда ғана ғылымның универсалдылығы танылады деген пікірді баса айтады. Л. Вайсгербердің ойы бойынша әр адам өзінің ана тілін меңгеру және қолдану процесінде маневр жасауға мүмкіндігі бар, және адам бұл тұрғыда өзінің жеке тұлға ретіндегі өзіндік ерекшелігін сақтай алады дейді. Бірақ бұл жерде Л. Вайсгербердің тұлғаның қзіндік ерекшелігі деп отырғаны оның әлемдік тілдік көріністің ұлттық ерекшелігімен шектелген. Сондықтан да Л.Вайсгербердің айтуы бойынша, әр ұлт қоршаған ортаны, дүниені өз танымы арқылы өз

көкжиегінен көреді [5, 56 б.]. Бұл жердегі Л. Вайсгербердің «әр тілде сөйлейтін адамдар әр түрлі дүниеде өмір сүреді» дегені Э.Сепирдің пікірімен сәйкес келеді. Л. Вайсгербер өз еңбектерінде адамның өзінің ана тілінен танымдық тәуелділігін көрсету үшін біршама лексикалық мысалдар қолданған. Осы жерде сол мысалдардың ең көрнектісін айта кеткен жөн. Ол аспандағы түрлі шоқжұлдыздарға қойылатын есімдер турасында. Әр тілде жұлдыз атауларының саны әр түрлі болуына байланысты осы тілде сөйлеушілердің де жұлдыздар әлемі әр түрлі болады. Сөйтіп, қарастыра келе Л. Вайсгербер грек тілінде тек - 48 жұлдыз атауларын тапса, қытай тілінде – 283 атау бар екенін анықтаған. Сондықтан, дейді ғалым, гректің өз жұлдыздар әлемі,

қытайлықтардың өз жұлдыздар әлемі бар деп тануымыз керек.

Осы тақырып саласында жұмыс істеген келесі бір американдық ғалым Бенжамен Ли Уорф. Л. Вайсгербер сияқты Б.Уорф та тілдің идиоэтникалық жағын көп қарастырып, «біз дүниені бөлшектейміз, ол бөлшектерді ұғымдарға топтастырамыз, таңбалау үрдісі де тек сол ретте қойылады, өйткені біз тап осы жүйелілікті талап ететін келісім шарттың мүшелеріміз. Бұл келісім белгілі бір тілдік ұжымда ғана күшіне ене алады» дейді [9, 45-48 бб.]. Б. Уорф әлемнің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесін салыстыра отырып, ол бейнелердің екеу де «қоршаған дүние анализдерінің жүйесі» дейді. Бірақ екі бейне арасындағы айырмашылық тілдік бейне –

тілді өздері жасап, сол тілде сөйлеушілердің еңбегінің нәтижесі болса, ғылыми бейне – ғылым адамдарының еңбегінің нәтижесі деп тұжырымдайды. Біріншісі тұрмыстық түсінікті бейнелесе, екіншісі ғылыми түсінікті бейнелейді. Өзінің кейінгі салыстыруларында Б.Уорф әлемнің тілдік бейнелері ғылыми бейнелерден әлдеқайда бұрын пайда болғанын және осымен байланысты мазмұндық жақтарының да әлдеқайда бай болып келуін айтады. Оған қосымша тілдік бейнелер универсалдылыққа ұмтылған ғылыми бейнелерден алуан түрлілігімен және плюралистік сипатқа ие болуымен ерекшеленеді. Жоғарыда келтірілген тілдік бейнелердің аипаттаулары Б. Уорфты ғылымның бұлақ көзі объективті шындық емес, сол объективті

шындықтың тілдегі көрініс болуы қажет деген ойға келтірді. Б. Уорфтың пікірі бойынша құбылыс, болмыс, зат, ара қатынас және тағы сол сияқты философиялық категориялардың мәнін түсіндіруде бұл атаулардың объективті мазмұнына емес, олардың тілдегі таңбалануларына назар аудару қажет дейді. Өйткені, болмыстың немесе құбылыстардың мағынасын олардың табиғаттағы түрімен анықтамаймыз, әлдебір тілдің грамматикалық категорияларымен анықтаймыз дейді.

Осы мәселені қазіргі таңда зерттеушілердің бірі, ресейлік ғалым В.П. Даниленко «Языковая картина мира в гипотезе Сепира-Уорфа» (1999) атты еңбегінде Б.Уорфтың көптеген жұмыстарын талдай

келе оның таным процесіндегі тілдің ролін асыра бағалауымен келіспейді және де әлемнің тілдік бейнесі ғылыми жетістіктердің алғы шарты бола алмайды, өйткені әрқашан алғы шарт, бұлақ көзі болып қалатыны объективтік шындық болмыс деп көрсетеді [44 б.]. Сепир-Уорф гипотезасы тілдің семантикалық жағына аса көңіл бөлуімен, тілді белгілі бір халықтың мәдени ерекшеліктерімен тығыз байланыста зерттеуге талпынумен, бірақ сонымен қатар идеалистік және метафизикалық алғышарттық позициялар салдарынан адам санасын құраудағы, әлемнің тілдік бейнесін алдын ала анықтаушы дүниетанымды құрудағы тілдің белсенді ролін асыра бағалаумен сипатталатын тіл білімі бағыты болып қарастырылатын американдық

неогумбольдтандықтың аса маңызды өзіндік ерекшеліктерін қамтиды. Неогумбольдтандықтар әлемнің тұтас бейнесі тілдің көмегімен адам санасы арқылы құрылады деп есептеп, адамның танымдық мүмкіндіктерінің адамға әлемнің тілдік бейнесін құрауға көмекші болатын тілдің қасиеттерімен шектелуін мойындайтын «лингвистикалық агностицизм» жағына бұрылып немесе кетіп отырған. Әлемдік бейненің ұлттық өзіндік ерекшелігі неогумбольдтандықтармен жылдар бойы тарихи дамудың нәтижесі ретінде қарастырылмай, анау бастан тілдерге берілген қасиет деп саналды.

Әлем бейнесінің тілде көрініс табуы қалай жүзеге асады деген сұраққа жауап іздей келе, Б.А. Серебренников «Язык и мышление» (1988) атты

еңбегінде: «Әдетте әлем бейнесінің тілдегі көрінісі мәселелерін зерттеуде мынандай үштікті негізге алады: адамды қоршаған шындық, осы шындықтың адамның миындағы көрінісі және көрініс нәтижелерінің тілде айтылуы» - деп жазады [87 б.].

Н.Ю. Шведова «Язык, культура, общество: проблемы развития» (1986) атты еңбегінде: “Тілдегі әлем бейнесі дегеніміз – халықтың көп ғасырлық тәжірибесі негізінде және тілдегі бірліктер арқылы жасалатын бүкіл тіршіліктің бүтін және бөлшекті әлем ретіндегі бейнесі. Өз құрылымында ол біріншіден, оның материалды және рухани өмірін, екіншіден, оны қоршаған кеңістік пен уақытты, тірі және тірі емес табиғатты, адам өзі ойлап тапқан мифтер социумды көрсетеді» [15 б.].

Г.В. Колшанский «Объективная КМ в познании и языка» (1990) атты еңбегінде былай дейді: «адам санасында орын алған әлем бейнесі объективті әлемнің белгілі бір материалды формада бекітілген және қолданылған екінші мәні, мағынасы. Осы материалдық форма тіл болып табылады» [18-26 бб.]. Ол Г.Д. Гачев және тағы басқа ғалымдардың әлемнің ұлттық бейнесі туралы пікірлерін сынға алып, «әр ұлт әлемді өзінше, алуан түрде қабылдауының» мүмкін еместігін, өйткені, халықтар бір – бірін логикалы түрде түсінеді, әлемді игеруде ұлттар ортақ тәжірибеге ие екендігі туралы айтады [18-26.].

Ғылымда «тілдегі әлем бейнесі ұғымы» жаңа категориялардың біріне жатады және оның зерттелуі әлі көп уақыттық еңбекті қажет етеді. Лингвистикада *тілдегі әлем бейнесі* және *әлемнің тілдегі ұлттық бейнесі* сияқты екі түрлі термин қалыптасқан. Г.Д. Гачевтің «Опыт выявления мотивированности» (1975) атты еңбегінде былай дейді: «ұлттық әлем бейнесін анықтау үшін ұлттық өмір бүтіндей қарастырылады: табиғат, оның құбылыстары, тұрмыс, фольклор, поэзияның образдылығы, кеңістік пен уақыттың қарым-қатынасы т.с.с.». Ал осының бәрін, бірінші кезекте, тіл арқылы біле аламыз. Кез келген этностың тілін білу үшін аударма және салыстырма тәсілдері қолданылатыны белгілі [89 б.].

В.А. Маслова «Заметки по теории лингвокультурологии» (1998) атты еңбегі бойынша, «тілдегі әлем бейнесі ұғымына сөздің ішкі мағынасы, сөйлемдер мен пайымдаулар, сөз мағынасының өзгеруі, ауыспалы мағынада қолданылуы, сөздің эмоционалды қызметі, оның қолданылуының жеке сыры мен қыры» жатады [37 б.].

Л.З. Будагов «История слов» (1971) атты еңбегінде мынадай анықтама береді: Дүниенің тілдік бейнесі дегеніміз – белгілі бір тілде көрініс тапқан, сол ұлт өкілдеріне ортақ, ұжымдық тәжірибе негізінде жасалған білімдер жүйесі. Дүние тіл арқылы танылады, танылған дүние тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады [16 б.].

Әлемнің тілдік бейнесі деген ұғым қазіргі таңда дүние жүзі бойынша көптеген ғалымдардың зерттеу объектісі болып келеді. Бұл мәселемен айналысу көне заманнан басталды деуге дәлелдер бар. Тек зерттеудің әр кезеңінде ғалымдар «әлемнің тілдік бейнесі» деген ұғым аясын кеңейтіп, тіл білімі ғылымына өз үлестерін қосуда.

Сонымен, этникалық топтың тұлғалық құндылықтары ұлт ментальдығын танытады, яғни бұл құндылықтарға тұлғаны қоршаған ортадағылар тарапынан әсері болады. Әр ұжым, әр ұлт шындықты өз биігінен таниды, ал өз биігі дегеніміз ғасырлар бойы қалыптасқан ойлау ерекшелігі, сана-сезімі, дүниетанымы болып табылады. Тіл адамға қызмет етеді, оның табиғи, мәдени ерекшеліктерінен өзге

ұлттық сипаты бар. Психикалық үрдістердің мәдени қоймасы - тілдер болып табылады. «Әлемнің тілдік бейнесі» тіл феноменімен байланысты, ол бүкіл тіл бойынан, әрі тілдегі сөздік қордан байқалады. Әлем бейнесінің тілдегі көрінісі адамды қоршаған шындық, осы шындықтың адамның миындағы көрінісі және көрініс нәтижелерінің тілде айтылуы сияқты үштікті негізге алады. Тілдегі әлем бейнесі тіл бірліктері арқылы халықтың көп ғасырлық тәжірибесі негізінде жасалған бүкіл тіршіліктің бүтін және бөлшекті әлем ретіндегі бейнесі болып табылады.

Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Брутян Г.А. Языковая картина мира и ее роль в познании // Методологические проблемы анализа языка. - Ереван, 1976. – С. 11 б.
2. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – Москва: 1996. – 365 с.
3. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. Пер. с нем. – Москва, 2000. – 400 с.
4. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – Москва, 1993. – 656 с.
5. Вайсгербер Л. Родной язык и формирование духа. – Москва, 1993. – 135 с. – 224 с.

6. Радченко О.А. Язык как мирозидание. Лингвофилософская концепция неогумбольдтианстваю Т.1. –Москва, 1997. – 256 с.

7. Кассирер Е. Культура как объект системного исследования. – Ленинград, 1956. – 116 с.

8. Уорф Б.Л. Отношение норм поведения и мышления к языку. Новое в лингвистике. Вып. I. - М.: 1980. - 123 с.

9. Уорф Б.Л. Наука и языкознание // Новое в лингвистике. Вып. 1. –М.: 1960. – С.45-48. - с. 174.

10. Даниленко В.П. Языковая картина мира в гипотезе Сепира-Уорфа. -1999. – 120 с.

**ҰЛТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ТІЛ БАСТЫ
ЭТНОСТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ:
ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ**

профессор м.а. АБДИРАСИЛОВА ГҮЛМИРА

АДИЛХАН АСЕЛ

Түйіндеме: Мақалада тіл - этностық өзіндік сананы туғызады да этностың даралануына, тұтастануына алып келетіндігі сөз болады. Этностық өзіндік сана этностық қауымдастықты сақтап, дамытады. Қауымдастықтың басқаларға ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі бар екенін көрсетеді. Ұлттың қалыптасуында тіл басты этностық құндылық. Қоғамда болатын саяси тартыстар, өзгерістер, әртүрлі шиеленістер, өтпелі кезеңдер тұсында халықтың есін жинайтын, сыртқы күштерден қорғанатын ең соңғы

ұясы – ұлт. Тіл – ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты, халықтың ғасырлар бойы жинаған рухани қазынасының жиынтығы. Тіл мен ұлт – біртұтас.

Жеке түркі тілдерінің қалыптасу дәуірлері әр түрлі. Олардың кейбіреулері ерте қалыптасып, өз іргесін басқалардан бұрынырақ алыстатқан болса, енді біреулері ортақ тіл қауымынан соңғы дәуірлерде (XIV-XVI ғас.) ғана бөлініп шыққан. Бұған түрлі жағдайлар, әсіресе сол халықтың экономикалық жағдайлары себеп болған. Кей халықтардың этникалық құрамы әр түрлі болып келсе, кейбіреулері бір тұтас, бірыңғай болады. Бұл жағдайдың да тілдің қалыптасуына, тілдік ерекшеліктердің пайда болуына, сақталуына ықпалы бар. Түрколог ғалымдар түркі тілдерінің даму

кезеңдерін белгілі кезеңдерге бөліп, әр кезеңнің өзіндік ерекшелігін анықтауға әрекет етіп келеді. Мақалада Н.А. Баскаков түркі тілдерін дамуы мен қалыптасуына байланысты бөлген кезеңдері қарастырылады.

Тірек сөздер: ұлт, тіл, этностық құндылық, түркі тілдері, Көне түркі, сөздік қор, грамматикалық құрылым, ру, тайпа.

Тіл - қауымдасқан адамдардың бір-бірімен пікірлесу, өзара түсінісу қажетінен туатын қоғамдық құбылыс. Ол - қоғам бар жерде ғана пайда болады да, сол қоғамның қалыптасуымен, дамуымен тығыз байланыста, берік бірлікте дамиды. Адам қоғамының жабайы топтасудан күрделі бірлікке қарай дамитыны сияқты, оның тілі де сол қоғамдық бірліктердің

атымен ру тілі, тайпа тілі, халық тілі, ұлт тілі деп аталып, сөз құрамы шағын, дыбыстық, грамматикалық жүйелері жетілмеген, қарапайым тілден сөздік құрамы бай, дыбыстық жүйелері жетілген, оралымды тілге қарай күрделене дамиды.

Дыбысты тіл атаулының қай-қайсысында болса да болатын бұл заңдылық түркі тілдеріне де тән. Түркі халқының алғашқы рулық бірліктен қазіргі заманғы ұлттық бірлікке қарай дамығаны сияқты оның тілі де өте шағын рулық тілден қазіргі жетілген ұлттық тілге, жазба тілге қарай өрлей, ілгерілей дамыған. Тіл дамуының қоғам дамуымен айтылғандай бірлігі болғандықтан, түркі тілдерінің қалыптасу, даму тарихы сол тілдің иесі, соны

қолданушы түркі халықтарының даму тарихымен бірлікте қаралады.

Тілдің қоғам мен халық өміріндегі ролін анықтаумен айналысушы ғалымдар өз еңбектерінде тіл мен оны қолдаушы халық тарихы арасында тығыз байланыстың болатындығы туралы үнемі айтып отырады. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі грамматикалық құрылысы жетілмеген тілдер қоғамның дамуына сәйкес дами бастайды. Тайпа тайпалық одаққа, одан тайпалық бірлестікке, тайпалық бірлестіктен халыққа, халықтан ұлтқа айналады. Мұның өзі бір күннің немесе бір жылдың, тіпті бір дәуірдің ішінде жүзеге аса бермейтін құбылыс. Оған мыңдаған жылдар, сан ғасырлар керек болады. Тіл де осы құбылысқа сәйкес дамиды.

Халық дамуының әр сатысы тіл дамуының әрбір деңгейімен сабақтасып отырады. Сондықтан тілдің даму дәуірлерін халықтың даму процесінен тыс қарастыруға болмайды.

Ұлан байтақ территорияны мекендеп келе жатқан түркі халықтарының тілін ғылыми тұрғыдан зерттеу тым әріден басталмаса да белгілі тарихы бар.Тарихи-әлеуметтік себептерге байланысты жазу-сызу дәстүрінің барлық дәуірлерде, барлық аймақтарда бірдей дами алмауы түркі халықтарының әдеби үлгілері тілінің жүйелі хатқа түсіріліп, ғылыми тұрғыдан толық анықталмай келуінің басты себебі болды.

Көне түркілердің адамзат тарихындағы рөлі ерекше болғандығына бүгінде ешкім қарсылық білдірмейді. Өкінішке орай, әлемдік өркениетте өзінің анық ізін қалдырған түркі халықтарының тарихы әлі күнге толық жазылмай отыр. Ал халықтың тарихы оның тілінің тарихымен тығыз байланыста болып келетінін ескерсек, түркі халықтарының тарихы олардың тілінің тарихымен де сабақтасып жатады деген сөз. Түркі халықтары және олардың тілдері қазіргі сатысына дамудың сан қилы белестерінен асу нәтижесінде жеткен. Сол ұзақ та бұралаң замандар бойында олар бір-бірінен алыстап бөлшектенудің, қосылып бірігудің талай қиянкескі өткелдерінен өткен.

Қазіргі түркі тілдерінің арасында сатылай байланыс, бір-біріне іліктестігі сақталған. Мысалы, қазақ тілі дыбыстар жүйесі жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да, сөздік құрамы жағынан да қарақалпақ пен ноғай тілдеріне жақын. Сондықтан да Н.А.Баскаков осы үш тілді түркі тілінің қыпшақ-ноғай тобына қосқан.

«Бұл үш тіл басқа түркі тілдеріне қарағанда татар, башқұрт тілдерімен жақынырақ. Татар, башқұрт тілдері де өзара жақын тілдер. Ал қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары Ноғай ордасынан бөлініп шығып, өз алдарына XIV-XV ғасырларда халық болып қалыптасқаны белгілі. Сатылай байланыс көне дәуірге жақындаған сайын қанатын кеңірек жайып, бірнеше тайпалар одағын қамти береді. Егер Орта

Азия халықтары мен Қавказдағы түркі тілдес халықтар бір кездерде түркі тілдерінің батыс хун тобын құрағандығын еске алсақ, басқа дәлелдің керегі болмас»[1;65].

Жеке түркі тілдерінің қалыптасу дәуірлері әр түрлі. Олардың кейбіреулері ерте қалыптасып, өз іргесін басқалардан бұрынырақ алыстатқан болса, енді біреулері ортақ тіл қауымынан соңғы дәуірлерде (XIV-XVI ғас.) ғана бөлініп шыққан. Бұған түрлі жағдайлар, әсіресе сол халықтың экономикалық жағдайлары себеп болған. Мәселен, ұзақ уақыт көшіп жүрген, мал шаруашылығын кәсіп еткен халықтарда тайпалық тілдердегі ала-құлалықтар тез жойылса (мысалы, қазақ тілі), жермен байланысты, егін шаруашылығын кәсіп еткен (мысалы, өзбек)

халықтар тілінде ұзақ уақыт сақталынған. Кей халықтардың этникалық құрамы әр түрлі болып келсе, кейбіреулері бір тұтас, бірыңғай болады. Бұл жағдайдың да тілдің қалыптасуына, тілдік ерекшеліктердің пайда болуына, сақталуына ықпалы бар.

Түрколог ғалымдар түркі тілдерінің даму кезеңдерін белгілі кезеңдерге бөліп, әр кезеңнің өзіндік ерекшелігін анықтауға әрекет етіп келеді. Мысалы, Н. А. Баскаков түркі тілдерін дамуы мен қалыптасуына қарай 6 кезеңге бөлген:

- 1) Алтай дәуірі,
- 2) Хун дәуірі (V ғасырға дейін),
- 3) Көне түркі дәуірі (V-X ғасыр),

4) Орта түркі дәуірі, немесе негізгі түркі тайпаларының дамуы мен қалыптасу дәуірі (X-XV ғ. ғ.),

5) Жаңа түркі дәуірі немесе түркі халықтарының қалыптасуы мен даму дәуірі (XV-XX ғ. ғ.),

6) Ең жаңа дәуір, немесе түркі тілдерінің Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі даму дәуірі»[1;87].

Н.А.Баскаковтың бұл пікірін ғалымдардың көбі қолдайды, бірақ онымен келіспеушілер де жоқ емес. Мәселен, біраз ғалымдар түркі тілдерінің алтай дәуірін мойындамайды. Алайда біз түркі тілдерінің қалыптасуын Н.А.Баскаковтың дәуірлеуіне сүйене қарастырамыз. Түркі тілдес халықтар, этникалық топтар түркі халықтары деген ортақ

атаумен аталады. Соңғы мәліметтерге қарағанда, түркі тілдес халықтар саны 30 шақты. Олардың жалпы саны жүз миллионнан астам. Тараған аймақтары жағынан алғанда, ТМД-да 50 миллиондай, қалғандары біздің елімізден тысқары елдерде, Түркияда, Қытайда, Монғолияда, Батыс Европада, Африкада, Америкада, Австралияда тұрады. Одақ көлемінде түркі халықтары сан жағынан алғанда славяндардан кейінгі екінші орынға ие.

Белгілі демограф М.Тәтімовтің 1993 жылы жарық көрген «Қазақ әлемі» еңбегіне берілген деректерге сүйенсек, бігінгі таңда дүние жүзінде 133 миллионнан астам түркі тектес халықтар өмір сүруде [2;87].

Қоныс ыңғайы жақтан алғанда түркі тілдері төмендегідей аймақтарға бөлінеді:

1. Орта Азия мен Қазақстанда – қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр тілдері.

2. Кавказда – әзербайжан, құмақ, қарашай, черкес, трухман (Ставрополь өлкесінде), ноғай тілдері.

3. Повольяда, Оралда – татар, башқұрт, Чуваш тілдері.

4. Сібірде – тува, якут, алтай, хакас, шор, чулым / Обқа құятын өзен атымен аталған тілдер.

5. Литва мен Украинада, Молдавияда, Қырымда – гагауыз, қырым татары, қарайым, қырымчақ, урум тілдері тараған.

Туыстық жақтан бір топқа жатқызылғанымен түркі тілдерінің бір-бірімен жақындық дәрежелері бірдей емес олардың ішінде бір-бірінен шамалы ғана өзгешелігі бар, сөйлеушілері бір-бірін тілмашсыз-ақ түсінісе алатындары да тілмашсыз сөйлесе, түсінісе алмайтындары да бар.

«Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл», – деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, Қазақ хандығы құрылған тұста оған қызмет еткен қазақ тілі де өсіп жетілген болатын. Аз уақытта қыранның қанаты талатын кең даладағы жартылай көшпелі қауымды бір мүдде, бір мақсатқа жұмылдыра алатын құдірет ғасырлар бойы қалыптаса келіп, бір тұтас ұлт тілі ретінде тарих сахнасына шықты. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясында әдеби тілдің

дәрежесін білдіретін көркем, айшықты сөз орамдар көптеп кездеседі. Мұның өзі ауызша әдеби тілдің тамыры тым әріде жатқанын көрсетеді. Сонымен қатар, осы әдеби тілдің бір ұшы көне түркі дәуірінен үзілмей келе жатқан түркілік жазба әдеби дәстүрде болса керек.

XIV ғасырда, Алтын Орда дәуірінде жазылған жазба ескерткіштер тіліндегі қыпшақтық белгілер, қазақы таным-түсінігі көрініп тұрған тұрақты тіркестер, сөз жоқ нақты дәлел бола алады. Мысалы, Қарақалпақтар мен қазақтар, немесе бұл екі халық пен қырғыздар, татарлар өзара сөйлесе, түсінісе алады, бірақ бұл халықтар чуваштармен, болмаса якуттармен ондай қатынас жасай алмайды. Н.А.Аристовтың ертеректе жазған «Заметки об

этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» деген еңбегінде айтылатын «Охот теңізінен, Мұзды мұхиттан Адриат теңізіне дейінгі кең байтақ кеңістікті жайлап жатқан 26 миллионға тарта түркілер өз ішінен тек наречислерге ғана бөлінетін бір тілде сөйлейді, Орта-азиялық түркілер якут, осман түрік тілдерін біле алады» деуі дұрыстыққа жата қоймайды.

Орта Азия цивилизациясының бүкіл әлемдік мәні болғандығын, оның жалпы адамдық мәдениеттің, ғылымның, қоғамдық ой-сананың дамуына зор әсер еткенін академик В.Ғафуров пен Л.Мирошников та айтады. Тарихи мәліметтерге қарағанда, түркі халықтары ол баста Орта Азия

далаларын мекендеген. Алайда өздерінің көшпенділік тұрмыстарының арқасында олар бірте-бірте біздің заманға дейінгі бірінші ғасырдың өзінде-ақ бүкіл Евразия далаларына, Қытайдан бастап Дунайға дейін тараған. Белгілі ғалым С.П.Толстов Шығыс зерттеушілердің халық аралық XXV конгресінде /1960/ жасаған баяндамасында түріктер біздің жыл санауымыз алдындағы IV ғасырда бұрынғы Хорезмнің негізгі тұрғындары болған дегенді айтады.

Ал түрколог С.Е.Малов біздің заманнан бұрынғы V ғасыр алдында да түркілер қазіргі қоныстап отырған аймақтарын мекендеген. Олардың тілдері жыл санауымыз 5-6 ғасыр бұрын да қазіргідей құрамда, қазіргідегідей қырылымда

болған дейді. Сондай-ақ, тарихшылар түркі халықтары ғұн дәуірінен бастап белгілі болған. Ғұн империясы жыл санауымыз алдындағы VII ғасыр мен біздің заманнан V ғасыр арасында өмір сүрген дегенді айтады [3;363]. Мұндай пікірді толық мақұлдауға бола қоймас.

Түркі халықтары о баста бір негізден өрбігенімен, оның этностық құрамы бір текті емес, әр түрлі ру-тайпалардан, тайпалар одағынан тұрған олардың тілдерінде де белгілі өзгешеліктер болған. Түрлі табиғи, әлеуметтік жағдайлармен түркі халықтары өздерінің бұрынғы өмір сүрген Орталық Азия жерінен көшіп, мекен ауыстырып, Қиыр Шығыс пен Дон өзеніне, Қара теңізге дейінгі ұланғайыр өлкеде сапырылысып, жергілікті ру-тайпалармен

араласып келгені тарихтан мәлім. Осы араласу кейінірек бөлініп шыққан жеке түркі халықтарының тіліне, этникалық құрамына, тұрмыс-тіршілігіне әсер еткен. Егер тарихи деректерге жүгінсек, бір тайпа елдің бірнеше дербес халықтардың тіліне, этникалық құрамына енгендігін көреміз.

Мысалы, қазақ халқының құрамында қаңлы руы бар. Қаңлылар тек қазақтардың (Ұлы Жүз) құрамында ғана емес, өзбектер мен қарақалпақтардың да, татар мен башқұрттардың да халық ретінде қалыптасуында үлкен роль атқарған, олардың құрамына енген этностық компонент. Өзбек халқының құрамындағы маңғыт тайпасы қарақалпақ халқының құрамында да кездеседі. О баста моңғолдардың бір тобы болған маңғыттар кейін

қазақ, башқұрт т.б. түркі тілдес халықтардың құрамына да енгендігі белгілі. Осындай фактілер түркі халықтарының әрқашан да аралас-құралас жасап, өте тығыз байланыста болғандығын көрсетеді [4]

Түркі халықтарының көне тарихына қарағанда ертедегі, түркі тілдес ру-тайпалар белгілі бір жүйе бойынша орналасқан. Мысалы, қыпшақ тілдес тайпалар Каспийдің солтүстігі мен қазіргі Қазақстанның солтүстік аудандарын, оғыздар Арал, Каспий және Түркістан мен Жетісу өлкелерін, ал қарлұқтар Шығыс Қазақстан мен қазіргі Қытайдағы Шыңжан-Ұйғыр автономиялық ауданын алып жатқан өлкені мекендеген. М.Қашғаридың «Диванында» осындай мәліметтер берілген. Сондықтан көне түркі

тілінде жазылған ескерткіштердің барлығы дерлік – қазіргі түркі тілдеріне ортақ дүние. Демек, қазіргі тілдердегі көне тұлғаларды орхон-енисей, талас жазуларынан, «Құдатғу білігтен», «Дивани лұғат-ит түрік» т.б. орта ғасыр ескерткіштерінен іздеуге де, өзара салыстыруға әбден болады.

Кейде тарихи ескерткіштерді тіліне қарай белгілі бір халықтың еншісіне беріп, телу бар. Әрине, көне және орта ғасырдағы жазба ескерткіштер белгілі бір тайпаның, тайпалар одағының тілінде жазылуы, белгілі бір диалектіге негізделуі ықтимал. Мысалы, ғасырда өмір сүрген Ю.Баласағұн мен М.Қашғари өз еңбектерін жалпы түркі тілінде, не түркі тілдерінің барлығына ортақ әдеби тілде жазды деуге негіз жоқ.

М.Қашғари сөздігінің тілін хакани түркілерінің тілі деп жүр.

Сондай-ақ «Кодекс куманикус» ескерткіші қыпшақ тілінде, Хорезмидің «Махаббат-намесі» қыпшақ-оғыз тіліндерінде жазылған деп көрсету бар. Алайда, бұдан жоғарыдағы жазба ескерткіштердің бәрі бір тілге ғана тән, басқа тілдердің оларға қатысы жоқ деген түсінік тумаса керек. Түркі жазба ескерткіштері неғұрлым көне болса, оларға қазіргі түркі тілдерінің қатыстығы күшейе бермекші. Ескерткіштер хронология жағынан бүгінгі күнге жақындаған сайын, олардың жеке тілдермен туыстығы, сәйкестігі арта түседі.

Түркі тілдерінің қалыптасу және даму жолын бір ізді құбылыс деп есептеуге болады. Түркі

халықтарының дамуының әр кезеңі түркі тілдерінің белгілі бір даму процесіне себепші болып отырады. Түркі тайпаларының қосылуы мен ыдырауы, түркі халықтарының басқа халықтармен қоян-қолтық араласуы кірме тілдің үстемдік құру процесі де тілдік көрініс тауып өз таңбасын қалдырды, дей тұрғанымен, түркілер мұндай қиын кезеңдерді бастан кешірсе де, өздерінің ана тілдерін сақтап қалып, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Мысалы, Алтай халқы ұзақ ғасырлар бойы монғолдардың үстемдігінде болса да, өздерінің ана тілін жоғалтқан жоқ [5; 35]. Оған себепші болған да түркі тілдерінің негізінің бір болғандығы деп ойлаймыз.

Түркі тілдерінің негізі бір болғанымен, оларды бір тілдің түрлі варианты деп қарастыруға болмайды. Әр түркі тілінің өзінің ерекшеліктері бар екендігінде дау жоқ. Оның үстіне, ол ерекшеліктерді диалектілік ерекшеліктер деп те есептеуге болмайды. Сондықтан түркі тілдерінің о бастағы негізі мен бүгінгі түркі тілдері арасында мыңдаған ғасырлар, үлкен кезеңнің жатқандығын мойындауымыз керек. Бүгінгі түркі тілдерін көне ғасырлар қойнауында қалыптасқан ата тілмен (негіз) байланыстыру үшін де түркі тілдерінің қалыптасу және даму дәуірлерін белгілеп алған жөн. Демек, түркі тілдерінің даму дәуірлері туралы сұрақ түркітану ғылымының маңызды мәселелерінің бір болып саналады.

Түркі тілдері бір-бірінен онша алшақ емес. Олардың негізгі сөздік қоры мен грамматикалық құрылымының ортақтығы түркі халықтарының бүгінгі таңда да бір-бірімен оңай түсінісуіне негіз болып отыр. Кезінде В.В.Радлов оларды диалектілер деп тегін айтпаса керек. Түркі тілдері арасында басқаларына көп сәйкес келе бермейтіні чуваш және якут тілдері. Сондықтан Н.А.Баскаков бүгінгі түркі тілдерінің негізі өте көне дәуірде қалыптасқан деп есептейді [6; 25].

Түркі тілдерінің жеке өзіндік ерекшеліктерге ие болуына ол тілдердің басқа халықтар тілдерімен қарым-қатынасқа түсуі ғана себепші болды деу аз. Ол ерекшеліктердің қалыптасуына халықтар арасындағы мәдени, рухани байланыстар, діни көзқарастар мен

ағымдар да белгілі дәрежеде әсерін тигізеді. Демек, түркі тілдерінің қалыптасу және даму дәуірлерін қоғамның дамуымен, сол тілде сөйлейтін халықтың өсу жолымен сабақтастыра қарастырудың өзіндік маңызы бар.

Түркі ру-тайпаларының тілдері туралы алғашқы ғылыми пікір XI ғасырдың көрнекті энциклопедист ғалымы, тілші Махмуд Қашғаридың «Дивани лұғат-ит түрк» еңбегінде айтылған еді. Бұдан кейін де араб тіл білімі үлгісінде түркі тілдері туралы пікір айтқан Абу Хайан, Жамаллидин Түрки, Ибн Муканна т.б. ғалымдар болған.

Түркі халықтары Орталық Азия даласынан шыққан. Көшпелі өмір салтын ұстанған халық Евразия даласына тез тарала бастайды. Белігілі

түркітанушы С.Е.Маловтың пікіріне сүйенсек, «түркі халықтары біздің жылсанауымызға дейінгі V ғасырдың өзінде қазіргі қоныстанған жерлердің тіпті одан да үлкен территорияны билеген. Яғни, көне дәуірдің өзінде түркі халықтары Қытайдан Дунайға дейінгі аралықты жайлаған»[3; 246]. Ғалымның бұл пікіріне күмән келтірген ғалымдар бар болса да, С.Е.Малов топшылауының дұрыстығын тағы бір ірі зерттеушінің тұжырымы растай түседі. Белгілі орыс фольклортанушысы, академик В.М.Жирмунский түркі халқының эпосы «Алпамыс» пен грек эпосы «Одиссея» сюжеттерінің ұқсастығын бұл халықтар арасында көне байланыстардың болғандығы деп санайды және оны терең зерттеу қажеттігін айтады». Түркі халықтары Ғұн дәуірінен бастап әлемге белгілі

болды. Олардың тілі, әдебиеті және мәдениеті мыңдаған жылдар бойы даму жолынан өткені мәлім. Түркі халықтары әлемдік өркениеттің даму үрдісінде де өзіндік ізін қалдырған. Ғұн империясы ыдырап, оның құрамындағы халықтардың Еуропаға жылжуы евразиялық материкті мекендейтін халықтардың өркениетінде өзінің позитивті ізін қалдырды. «Халықтардың ұлы қозғалысы» атауына ие болған бұл процестің басқа ұлттар өміріне тигізген игілікті әсерін әлем ғалымдары толық мойындап отыр. Алайда, бұл оқиға ғасырлар қойнауында қалған түркі халықтар тарихының бір белесі ғана.

Көне түркілердің адамзат тарихындағы рөлі ерекше болғандығына бүгінде ешкім де қарсылық білдірмейді. Өкінішке орай, әлемдік өркениетте

өзінің анық ізін қалдырған түркі халықтарының тарихы әлі күнге толық жазылмай отыр. Ал халықтың тарихы оның тіл тарихымен тығыз байланыста болып келетінін ескерсек, түркі халықтарының тарихы олардың тілінің тарихымен де сабақтасып жатады деген сөз. Ғасырлар қойнауынан келе жатқан әлемдегі көне халықтың бірі - түркі халықтарының болашағы жарқын. Кезінде әлемдік өркениеттің іргетасын қалауға тікелей ат салысқан Ұлы халықты тарихтан сызып тастауға болмайтыны кім-кімге де белгілі. Бүгінгі демографиялық мәліметтерге сүйенсек, түркі халықтарының таңы әлі қайта ататынына күмән келтіруге болмайды. Табиғи өсу жолында тұрған халықтың тарихын, тілі мен әдебиетін, экономикасы мен этнографиясын, ділі мен

дінін зерттеу бүгінгі таңдағы актуальды жұмыстардың бірі болып есептеледі.

Қай халықтың болса да тілі сол халықтың тарихымен тығыз байланысты. Алайда, тілдің фонетикалық даму заңдылығын сол халықтың тарихымен байланыстырып шеше алмаймыз, сондай-ақ грамматикалық формалардың да даму заңдылығы халықтардың тарихи даму заңдылығына бағынбайды. Халық тарихының өзіндік, тіл дамуының өзіндік заңдылықтары бар. Бір халық өзінің ұзақ даму тарихында бірнеше халықтармен қарым-қатынаста болады, бір халық екіншісіне өз ықпалын тигізуі мүмкін. Тіпті кейбір халық өз тілінде сөйлемей, көрші халықтардың тілін қабылдауы мүмкін. Кей халықтар

өзінің ана тілін сақтап қалса да, көрші халықтардан көп элемент алып, жіті өзгеріске түсуі де мүмкін.

Мысалы, түркі тілдерінің ішінде чуваш пен якуттар монғол тілінде сөйлейтін халықтармен ұзақ араласып, осындай өзгеріске түскен. Адамзаттың алғашқы даму сатысындағы, балаң кезіндегі тілінің фонетикалық, грамматикалық жүйесі, алғашқы сөздер туралы жалпы түсінігіміз болмаса, нақтылы фактілеріміз жоқ. Бірақ үлкен тайпалар не тайпалар одағының тілін анықтап, тілдік құрылымын дәлелдеп бере алатын материалдарымыз баршылық. Сондықтан да үлкен-үлкен тайпалар тілі және олардың диалектілік, говорлық ерекшеліктеріне сүйене отырып, қазіргі кей диалектілік материалдармен салыстыра қарап, ертеректегі тілдің

схемалы макетін (бейнесін, қалпын) жасауға мүмкіндігіміз бар. Әсіресе түркі тілдері негізінде ондай мүмкіндік молырақ.

Түркі тілдес тайпалар, рулар одағының жазба материалдары V-VI ғасырларына барып тіреледі. Сондықтан да осы дәуірден бастап түркі тілдерінің материалдарын салыстырмалы-тарихи зерттеулерге арқау етуге болады. Осы екі дәуір материалымен салыстыру нәтижесінде түркі тілдерінің әр дәуірдегі даму дәрежесін анықтауға болады. Түркі халықтар тарихына зер салар болсақ, ру мен тайпалар одағы бірде қосылып, араласып жатса, бірде бөлініп шығып, өз алдына отау тігіп жататындығын көруге болады. Түркі тайпалары да нақ осындай, кейде бірігіп, тығыз араласып, тайпалар одағын жасап

жатса, кейде жауласып, аралары алшақтап, алыстап кететін болған. Түркі ру-тайпалардың бірігіп, тайпалар одағын құруы келешекте халықтың қалыптасуына негіз жасаған, осының нәтижесінде сол ру-тайпалардың тілдік ерекшелігін өзара жақындаса келіп, бір тұтас елге айналады, яғни әр басқа тілде сөйлейтін ру мен тайпалардың бір тілде сөйлеуіне мүмкіндік туады. Әрине бұл процесс түрлі әлеуметтік, экономикалық және тарихи-жағдайлармен тығыз байланысты. Ал тайпалар одағының ыдырауы өз ретінде жеке тайпалардың бөлініп шығуына және жеке тайпа тілдердің жасалуына негіз болады. Кейде бұл сияқты қосылу, ыдырау, дифференциация, интеграция процестері бірнеше қайталанып отыруы да мүмкін. Тайпалар

одағының тұрақтылығы түрліше болған. Кей тайпалар одағының ұзақ уақыт бойына тұрақтылығын сақтағандығы, ал кей тайпалар одағының тез ыдырап, бірнеше бөлініп кеткендігі тарихтан аян. Мысалы, оғыздар ұзақ уақыт бойына өздерінің Жетісу, Сырдария бойларындағы одағын бұзбай сақтай келіп, тек IX ғасырдың соңында ғана екіге (батыс және шығыс оғыздар болып) бөлінген. Тайпалар одағының ұзақ уақыт өмір сүруі сол тайпалардың этникалық құрамымен де, тарихи жағдайларымен де тікелей байланысты.

Түркі халықтарының көне тарихына көз жіберетін болсақ, олар бірнеше тайпа және тайпалар одағынан құралған; олар бірде одақтасып бірігіп отырса, бірде жауласып, араларын алшақтатып

отырған. Алтай, Саян таулары мен Монғолия жерінде орналасқан түркі тайпалары сөздік қоры мен грамматикалық құрылымы бір, негізі бір тілде сөйлеп қарым қатынас жасап келсе де, уақыттың озуымен байланысты өзіндік ерекшеліктері бар жеке-жеке түркі тілдеріне жіктеле бастайды, бірақ сатылай байланысып, туыстығын сақтайды [7; 13].

Туыстас тілдердің сатылай байланысуы, алыстауы мен жақындауы сол қауымдағы әрбір халықтың тарихына тікелей қатысты. Алғашқы ру, тайпа, тайпалар одағының қосылуы тарихи-қоғамдық процесс болса, әрбір ру мен тайпалардың қалыптасуы да сондай процесс. Кейбір тайпалар жеке рулардың бірлестігі негізінде құралады да,

олардан бірте-бірте қол үзіп кетеді. Осыған орай тайпалар одағы қолданған жалпы тіл де жеке рулар тіліндегі ерекшеліктерді сақтауы да, сақтамауы да мүмкін. М.Қашғари «Сөздігінде» кездесетін тайпалар тіліндегі ерекшелікті осы тұрғыдан түсіну керек. Егер қазіргі түркі тілінің (баба тіліміздің) макеті жасалса (ондай тілдің болған-болмағаны әзірше белгісіз), оның тек басты-басты заңдылықтарына ғана сүйенуге болады. Сондықтан да түркі тілдеріне негіз болған тіл - «жалпы түркі тілі» деген шартты түсінік қана.

Қазіргі түркі тілдерінің арасында сатылай байланыс, бір-біріне іліктестігі сақталған. Мысалы, қазақ тіл дыбыстар жүйесі жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да, сөздік

құрамы жағынан да қарақалпақ пен ноғай тілдеріне жақын. Соңдықтан да Н.А.Баскаков осы үш тілді түркі тілінің қыпшақ-ноғай тобына қосқан. Бұл үш тіл басқа түркі тілдеріне қарағанда татар, башқұрт тілдерімен жақынырақ. Татар, башқұрт тілдері де өзара жақын тілдер. Ал қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтары Ноғай ордасынан бөлініп шығып, өз алдарына XIV-XV ғасырларда халық болып қалыптасқаны белгілі. Сатылай байланыс көне дәуірге жақындаған сайын қанатын кеңірек жайып, бірнеше тайпалар одағын қамти береді. Егер Орта Азия халықтары мен Кавказдағы түркі тілдес халықтар бір кездерде түркі тілдерінің батыс хун тобын құрағандығын еске алсақ, басқа дәлелдің керегі болмас.

Халықтың пайда болуы рулық, тайпалық қатынастың даму барысындағы заңды көрінісі болса да, қоғамдағы жаңа этносоциологиялық басқыш болып саналады. Жерге иелік ету көшпенді халықтарда отырықшы халықтардың өміріндегідей сияқты анық байқалмайды. Алайды олардың да тұрмыс тәжірбиесінде белгілі аймақтарды өз қарамағына икемдеуге тырысушылық мүлдем жоқ деуге де болмайды. Мысалы, әр рудың, тайпаның көшіп-қонып жүретін нақтылы аудандары болған. Келе-келе қандық туысқандыққа сүйенген бірлік біртіндеп жерге байланысты құрылған бірлікке ауысады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. М. 1969
2. Тәтімов М. Қазақ әлемі. Алматы: «Атамұра-Қазақстан» 1999
3. Малов С.Е.. Памятники древнетюркской письменности М. 1951
4. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. Алматы, 2004.
5. Рамстедт В.И. Введение алтайское языкознание М. 1957.
6. Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение М.1981
7. Баскаков Н.А.. Алтайские языки М. 1958.

8. «Түркология» журналы «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» (I том) Алматы 1992
9. М.Қашқари «Диван луғат ит-түрк» («Түркі тілдер сөздігі») Алматы 1978
10. Баласағұн «Құтадғу білік» Алматы, 1967
11. Покровская Л.А. Термины родства в тюркских языках. М. 1985
12. Закиев М., Татары: проблемы истории и языка. Казань, 1995, с. 205
13. Сейдімбек А. «Қазақ әлемі» (1997) атты ғылыми-танымдық еңбегі Алматы 1997
14. Лифшиц Владимир. Лирика - М.: Художественная литература, 1977. — 207 с. Тираж 25000 экз. Содержит избранные стихи

из 12 книг, написанные в период с 1934 по 1974 г.

15. Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии / С. Г. 1964
16. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі Астана, 2007 жыл).

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГОМОГЕНДІ ОМОНИМДЕР: ДӘСТҮР МЕН ДҮНИЕТАНЫМ

п.ф.д., проф. Ж.Н.СҮЛЕЙМЕНОВА
ф. ф.к., ҚҰРМАНАЛИЕВА АҚМАРАЛ

ТҮЙІНДЕМЕ:

Мақала қазақ тіліндегі сөз мағынасының дамуына әсер ететін факторларды қарастырады. Сөз мағынасы күрделі әрі өзінің даму заңдылығына ие құбылыс болса, даму заңдылығы халықтың өмірі мен дүние-танымымен тікелей байланысты екен. Сөз мағынасының даму барысын анықтауда этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклор зерттеулерінің берер көмегі зор.

Халықтың тілі – баға жетпес қазына, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан асыл мұра. Тілсіз халық, халықсыз тілдің өздігінше өмір сүруі мүмкін емес.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласының өркендеуіне үлес қосқан ғалымдардың бірі-Ә. Қайдар: “Этнос пен оның тілін этнолингвистикалық тұрғысынан қарастыру деген сөз, оның сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүние-таным мен мәдени, рухани байлығын ана тілімізде сақталған фактілер мен деректер негізінде зерттеп білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру болып табылады”-дейді.

Күнделікті өмірімізде қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып жүрген тіліміз көзге көрінбейтін сан алуан қасиеттерге бай құбылыс болып табылады. Өйткені, ол ең алдымен өзінің бойына халықтың дүние-танымы, психологиялық ерекшеліктері, мәдениеті секілді құндылықтарды

сіңіруші әрі ұлттық сипатқа ие қазына. Өз ретінде, тілдің ұлттық сипаты дегеніміз белгілі бір этностың ішкі болмысын көрсететін ұлттың рухына да апаратын бірден бір жол. Тіліміз бізге қазақ халқының тарихын танытатын категория болуымен аса бағалы.

Мақала тілдің ұлттық нақыш- бояуын көрсетуші қасиетін көрсететін нақты тілдік деректерге- гомогенді омонимдердің пайда болуына әсер еткен мәдени, этнолингвистикалық уәждемелер жайында баяндайды.

Тірек сөздер: этнолингвистика, гомогенді омонимдер, тіл, сөз мағынасы, салт-дәстүр.

Халықтың тілі – баға жетпес қазына, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан асыл мұра. Тілсіз халық,

халықсыз тілдің өздігінше өмір сүруі мүмкін емес. Тіл жайында Шыңғыс Айтматов:“ Тіл халықтың автопортреті. Әр тіл бүкіл адамзат қазынасының ортақ палитрасындағы өз өрнегімен қымбат”-десе [1], ал ғалым М.Арын ұлттың тілі жайында: “Тіл – деген бүкіл бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы сияқты”- дейді [2].

Күнделікті өмірімізде қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып жүрген тіліміз көзге көрінбейтін сан алуан қасиеттерге бай құбылыс болып табылады. Өйткені, ол ең алдымен өзінің бойына халықтың дүние-танымы, психологиялық ерекшеліктері, мәдениеті секілді құндылықтарды сіңіруші әрі ұлттық сипатқа ие қазына. Өз ретінде, тілдің ұлттық сипаты

дегеніміз белгілі бір этностың ішкі болмысын көрсететін ұлттың рухына да апаратын бірден бір жол. Тілдің ұлттық рухты көрсететін қасиеті жөнінде В.Гумбольдтің: “Ұлттың өзіне ғана тән, іштей дамитын рухы бар. Сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан- ұрпаққа беруші күш- тіл”-деп айтып кеткені бар [3].

Демек, ұлттың мәдениетін, дүние-танымын, психологиялық ерекшеліктері мен салт- дәстүрі, әдет- ғұрпы секілді ұлттық менталитетін көрсететіндігімен тілдің маңызы арта түседі. Сондықтан, өзіміздің тіліміз бізге қазақ халқының тарихын танытатын категория болуымен аса бағалы. Тілдің ұлттық нақыш- бояуын көрсетуші қасиетін зерттеген орыс ғалымы Ф. Буслаев осы бағытта: “Язык выражение не

только мыслительности всего народа, но и всего быта и нравов, поверии страны и истории народа”, –дейді [4]. Міне, ұлтымыздың тарихымен, өмірімен біте қайнасып жатқан тілдік құбылыстардың бірі –бір текті гомогенді омонимдер.

Гомогенді омонимдер бізге халықтың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігі туралы мағлұмат беріп, оның тарихын тануға мүмкіндік береді. Осы жерде Ф. Шиллердің “Тіл дегеніміз ұлттың айнасы сияқты, ұлтты сол айнадан өзін көріп тұрғандай” деген сөзі еске түседі. Тілдің бұл қасиеті, әсіресе, гомогенді омонимдердің туындау заңдылықтарын, олардың пайда болуына әсер берген экстралингвистикалық факторларды қамтығанда көзге ерекше түседі. Өйткені, тіліміздегі гомогенді омонимдердің

көпшілігі сөздердің таза лексикалық (деннотативтік) мағына негізінде емес, қосымша (коннотативтік) мағынасы негізінде пайда болып, өз кезегінде ол әдетте салт- дәстүр, наным-сенім мен халықтың өмір-тіршілігінде жиналған тәжірибе негізінде жүзге асатын құбылыс. Сондықтан тіліміздегі гомогенді омонимдердің табиғатын толығымен танып білуде этнолингвистикалық

факторлардың қамтылуының маңызы өте зор.

Себебі, бұлардың барлығы

бізге жаңадан туындаған мағынаны жан-жақты айқындап, оның кеңею шеңберін және мотивациялық негізін анықтауға едеуір септігін тигізетін үлес салмағы басым деректер болып табылады. Тілді зерттеудегі аталмыш әдіс әлбетте,

қазіргі кезде Тіл білімінде өзінің қанатын кең жайған этнолингвистика саласына жүктелетіні сөзсіз. Осыған байланысты О.Н.Трубачев омонимдерді “этнолингвистика категориясына” жатқызып, оның маңыздылығы жайында: “Перспектива извлечения этноисторической информации из изучения важна для всей науки, религии и культуры”-деп атап өтеді [5].

Қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласының өркендеуіне үлес қосқан ғалымдардың бірі-Ә. Қайдар: “Этнос пен оның тілін этнолингвистикалық тұрғысынан қарастыру деген сөз, оның сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүние-таным мен мәдени, рухани байлығын ана тілімізде сақталған фактілер мен деректер негізінде зерттеп

білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру болып табылады”-десе [6], Е.Жанпейісов: “Этнолингвистика этносқа қатысты культурологиялық, этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклор зерттеулері өзара байланыстыра, сабақтастыра қатар алып жүруді, үйлестіре жүргізуді талап етеді”-дейді [7]. Мәселен, көпшілікке мәлім “бұлақ” */Басы бастаулардан, қайнарлардан басталатын сай-жылғалармен ағатын кішігірім су/сөзінің “Құлақтың іші қабынып, іріңдеп, созылмалы түрде өтетін індет” жаңа мағынасы бар. Және ол мағынаның пайда болуына құлақ ауруымен ауырған адамды емдеу тәсілі әсер берген деген ойдамыз. Оның екінші мағынасының туындауына әсер еткен уәж. Уәжде жұрттың суды*

қастерлеп, оны қасиетті санауымен астарласып жатқан таным бар. Табиғаттағы мейлі, ол бұлақ. Көл өзен болсын суға айтылған: Сулы жер, нулы жер. Су анасы –бұлақ. Су дүниенің тасы Су ішкен құдығыңа түкірме, Судың сұрауы бар, т.б. тәрізді дала тұрғындарының тікелей борышына айналып айтылған сөз маржандары текке айтылмағанын білеміз. Қазақ халқы бұлақты ерекше қадір тұтқан. Бұлақтың тазалығын қадағалап, әрдайым оның айналасын кір-қоқыстан, шөп-шаламнан тазартып отыратын және егер біреу ластаған жағдайда, ол әрекетті “Жер-Анаға” жасалған қиянат деп ұғып, оның жазаланатындығына сенген. Сондықтан далада, жайлауда ойнап жүрген балаларға: “ Бұлақты лайлама не суды сабама, суға түкірме, суға зәр

сындырма, суды сапырма” деп ескерту жасауды парыз санаған. Әйткенмен, бұл аталы сөзге құлақ аспаған балалар да табылатын. Оларды көбіне құлақтарының іріңдеп, дертке ұшырауынан танып, “Бұлақ ауруына шалдыққан ” дейтін. Сөзімізді бұлақ ауруы жайында елде сақталынған аңыздар да баяндайды. Ол аңыздардың бірінде дерттің шығу себебін: “Жын адамның миын ұрлау үшін шайтанды шыбын кейпінде құлағына кіргізеді де, соның салдарынан оның құлағы іріңдей бастайды” делінсе, ал келесі бірінде: “ Адамдардың, әдетте, кішкентай жасөспірімдердің бұлақтың айналасын лаптап кетіп, су иесінің қаһарына ұшырауынан деп түсіндіреді”[8]. Құлақ ауырған адамды бұлақтың басына апарып, оның суымен құлағын үш рет шаятын. Қайнар

басында мал сойылып, жеті нан таратылатын. Судың басына тиын-тебен тастап, “Бұлағыңды алып, құлағымды бер” деген сөздерден кейін үйлеріне қайтатын. Демек, ерте кезде құлақтың қабынып, оның іріңдеуін емдеуде ата-бабаларымыздың бұлақтың суын пайдалануы әбден ықтимал. Бағзы замандарда түркі, алтай, халықтарында науқас адамды бұлақ суымен емдегені мен қазіргі уақытта шипалы сулардың маңында орналасқан түрлі емхана, сауықтыру орындарының өзі дәлел Осындай фактордың әсер бергенін тіліміздегі Ауыздық I мен Ауыздық II омоним сыңарларының бір-бірімен арақатынасын айқындау барысында байқауымызға болады. Омонимдік қатар құраған сыңардың бірі – Ауыздық I “Тең екі бөлек темірден құрастырылып,

арасында бекітілген бөлшек” болса, ал екінші сыңары “Адамның, малдың езуіне шыққан жара”. Екеуінің байланысы, бірінен-бірі туындауы , біздің ойымызша, ауыздықты (*ер тұрманның бөлшегі*) емдік қасиеті бар бұйымдардың қатарына жатқызып, оны ауызға шыққан жараны емдеу барысында кәдеге жаратуында жатса керек. Ертеде қазақ халқы жүген, желі, көген тәрізді заттарды бағалағандай, ауыздықты да көздерінің қарашығындай ұстаған. Жылқы-тұлпарды сатқанда шаңырақтан бақ-дәулет, ырыздық-береке кетіп қалады деген оймен ауыздығын алып қалатын. Ауыздығы жоқ жолаушы алыс сапарға, жолға, сарбаздар ешбір жорыққа шықпайтын. Малға түскен ұрылардың өздері де көп жағдайда жылқының ауыздығын иесіне тастап

кететін оқиғалар кездесетін. Ер-тұрман ішіндегі ауыздыққа үлкен мән бергенін бізге туыс халықтардың тұрмысында сақталған әдет-ғұрыптардан байқауымызға болады. Мәселен, бурят халқының үйлену рәсімінде күйеу бала міндетті түрде қалыңдығына аттың ауыздығын тарту етсе, ал бірқатар жерлерде қалыңдықтың босағасына садақ пен ауыздық ілінгеннен кейін ғана күйеу жігіттің үйге енуіне қақысы болатын [9].

Демек, кезінде аттың ауыздығы да қадір тұтатын бұйымдардың қатарында болып, малмен айналысқан адамдардың тарапынан ерекше бағаланған. Және де оны адамның езуіне шыққан жараны емдеуде қолданған. Еріннің екі жағына

шыққан жараны ауыздық деп аталуы да осы себептен болса керек.

Сөз мағынасының дамуына әсер еткен дәстүрдің бірі “бауыр” сөзімен де байланысты. Адам мен жануардың ас қорыту, қан тарату қызметін атқаратын дене мүшесі- бауырмен қатысты этнографиялық деректер де осылай. Олар да бізге “Бірге қандас ағайындар, туыс адамдар” мағынасына ие “Бауырдың” туындау заңдылығын көрсете алатын фактілер болып табылады. Осыған байланысты түркі, моңғол және алтай халықтарының салт-дәстүріндегі тағам ретінде малдың бауырына байланысты неше түрлі

әдет-ғұрыптарды айта кетуге болады. Мәселен, ертедегі Хорезмде балаға зар болған

адамдар ел ішінде “қасиетті” деп саналатын жерге барып, онда сойылған малдың жеті мүшесінің ішінен малдың бауырына көбірек мән берсе, ал алтайлықтар бауырдан шықты деген тіркеспен “іштен туылып шықты” ұғымын білдірген. Ғалым Г.П. Снесарев: “У народов Средней Азии

печень считается символом сосредоточия чувств как сердце у европейцев”- дейді [10]. Бауырға телінген сезім көрінісін қазақ халқының дәстүрінен де аңғаруымызға болады. Қазақ дәстүрінде бауыр құдаларға берілетін тағам. Құйрық пен бауыр құдандалықты бекіте түсетін жақындықтың, мейірімділіктің рәмізі ретінде құдаласу рәсімінде кеңінен пайдалануда. Тілімізде бауырдың осы қасиетіне орай: бауыры езіліп, бауырына басты,

бауыры бұру мен жағымсыз мәндегі: тас бауыр, қара бауыр, бауыры бүлк етпеді т.б. осы тәрізді тұрақты тіркестері қалыптасты десек болады. Туыстық қатынасты білдіретін Бауыр соматизмнен туындағанын бүгінгі медицина ғылымы да дәлелдей түседі. Мысалы Е.Керімбеков: “Адамға бүкіл күш-қуат бауырдан тарайды, ол жүрекке жақын орналасып, жаңа ұрпақтың өмірге келуіне маңызды қызмет атқарады” дейді [11].

Адамдардың өмір тәжірибесінде жете түсініп, ерекше қасиеттерін таныған дене мүшелерінің енді бірі-Өкпе. Метатеза құбылысына ұшыраған бұл сөздің түбірі өп болып “жұту, ішу” мағынасын білдіреді. Дене мүшесі- өкпенің тілімізде “Адамның біреуге ренжігенін, көңілі қайтқан сезімін,

көңіл-күйін білдіретін” омоним мағынасы және бар. Біздің ойымызша, оның туындауы да адам ренжіп, ашуланған уақытта өкпенің өзгеріп, құбылып отыратын қасиеттерімен сабақтасып жатуында. Осы ретте ашуланған, ренжіген адамның өкпесі тарылып, дем алысы қиындайтынын көз алдымызға елестетсек жеткілікті. Дене мүшесі өкпеге тән бұл физиологиялық қасиеті тіліміздегі: Ала өкпе болды, өкпесі тарылды, қара өкпе болды тіркестерінен аңғаруымызға болады. Осы орайда Өкпе I мен Өкпе II байланысын аша түсетін мынадай этнолингвистикалық деректерге көңіл аудару қажет. Мысалы, “Жалмауыз кемпір” ертегісінде өкпе мифтік бейнеге қатысы “ызақор, ашуланшақ” мағынасын береді. Немесе түркі халықтарында үйге келген

мейманды ренжітіп алмау мақсатында ешқашан тағам ретінде өкпе берілмейтін. Өкпеден жасалған тағамның берілмеуі жайында Н.М.Ильминский: “Легкое, состоящее из рыхлой и мало питательной ткани никогда не могло идти в угощение гостям ”- дейді [12]. Дене мүшесі өкпеге көбіне ұрыс, ашудың символы ретінде мән артылғандығы туралы таулы аймақтарда мекендейтін қырғыздардың үйлену рәсімі де көрсетеді. Бұл жоралғы бойынша “араздаушылық, ұрыс-керіс болмасын” деген ниет білдіріп, тілек айтып малдың өкпесімен қосылғалы жатқан жастардың арқаларын қағады. екен. Аталған этнографиялық дерек екі омоним сөздің байланысын көрсететін этнографиялық деректер.

Байқап отырғанымыздай, қазақ тіліндегі сөз мағынасының дамуы күрделі әрі өзінің даму заңдылығына ие құбылыс болса, даму заңдылығы халықтың өмірі мен дүние-танымымен тікелей байланысты екен. Сөз мағынасының даму барысын анықтауда этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклорлық зерттеулердің берер көмегі зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Айтматов Ш. Ақылдың кені. Алматы, 1971. - 256 б.

2. Арын М. Бес анық (Тәрбие туралы толғамдар), Алматы. Арыс, 1996. - 120 б.

3. Гумбольдт В. Фон. Избранные труды по языкознанию. М., 1984.

4. Буслаев Ф.И. О преподавании отечественного языка. Л., 1941, Учпедгиз, 1941,- 248 с.

5. Трубачев О.Н. О специфике семантической реконструкций в условиях отдаленности значения многозначных слов // Советская тюркология, 1988, № 1, с.20-27.

6.Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика //Ана тілі,
1994, 3 қаңтар.

7.Жанпейісов Е. Этнолингвистика //Ана тілі,
1994, 3 қаңтар.

8. Төлеубаев А.Т., Реликты доисламских
верований в семейной обрядности казахов (XIX- XX
в.), Алматы, 1991,- 214 с.

9.Арғынбаев Х., Қазақтың мал шаруашылығы
жайында этнографиялық очерк. Алматы. Ғылым,
1969.-170 б.

10. Снесарев Г.П. Реликты домусульманских
верований и обрядов у узбеков Хорезма, Москва.
1969, 205 с.

11. Керімбаев Е. Атаулар сыры, Алматы,
Қазақстан, 1984. - 119 бет.

12.Ильминский Н.П. Древний обычай
распределения кусков мяса, сохранившиеся у
киргизов //Известия Имп.АРХ.Общества 1861, т.11,
ч.1, с.114-152.

